

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Тарихи сын





Тарихи сынға кіріспе

Мақсаты: тарихи сынның табиғатын ашу, әдебиеттің тарихилығына тоқталу, көркем шығарманы тарих ғылымы аясында зерделеудің маңыздылығын ізденушілерге ұғындыру.

Кілт сөздер: тарих, әдебиет, көркем шындық, тарихи-салыстырмалы талдау.

Бүгін біз тарихи сын туралы сөз қозғамақпыз. Жалпы, әдебиет туралы сөз болған кезде тарихтың да нысанасына ілігетін кейбір мәселелер қатар ауызға алынады. Өйткені аталмыш екі сала егіздің сыңарындай жақын болмағанмен, бір-бірімен өте тығыз байланысты. Бұған дейінгі дәрістерімізде атап өткеніміздей, кейбір тарихи оқиғалардың шынайы дерегін біз сол дәуірдің еншісіне тиесілі болып саналатын әдеби мұралардан ғана біле аламыз. Өйткені, көркем әдебиет қашанда өз дәуірінің шындығы мен шырғалаңын, психологиясы мен философиясын, құндылықтары мен көзқарастар жүйесін, жалпы айтқанда, сол дәуір адамының тұтас болмыс-бітімін әйгілеп отырады. Бұдан байқайтынымыз, тарихи мұралардан тек тарихшылар ғана емес, басқа да ғылым саласының өкілдері өз керегін таба алады екен. Мысалы, тіл білімінің мамандары сол дәуірдің тілдік ерекшеліктерін анықтай алады. Бірақ біз бүгін әдебиет пен тарихтың арақатынасы туралы сөз етпекпіз. Тарих ғылымында өткен дәуірде болып кеткен оқиғалар туралы толыққанды деректер бар болғанымен, әдебиеттің көмегінен біз оның шынайы бейнесін тани алмауымыз мүмкін. Мысалы, біз бәріміз II Дүниежүзілік соғысының өткен ғасырдың қай жылдары аралығында болғанын және қай елдерді соғыс өрті шалып, қанша мың-миллион адамның қаза тапқанын білеміз. Бірақ сол зұлмат жылдарда өмір сүрген азаматтардың басындағы қайғы мен шемен-шерді нақты тарихи-хроникалық деректер арқылы терең сезіне алмас едік. Қиын-қыстау күндердегі ел жүгін көтерер ерлердің ғана емес, аналардың жүрек зары мен ерте есейген жас бүлдіршіндердің басындағы ауыртпалықты, олардың ішкі жан әлеміндегі дүлей құбылыстарды тек көркем кестелі шығармалар арқылы ғана терең сезінуге мүмкіндік аламыз. Әдеби туындыдан алған әсеріміз біздің өзімізді де сол дәуірге жетелеп апарып, кейіпкерлермен бірдей шын күйінуге, шын сүйінуге жол ашады. Өзіміз де сол дәуірдің адамына айналып кеткендей боламыз. Осы орайда, әдебиет туралы ғылымда «тарихилық» деген ұғым шығады. «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» оған мынадай анықтама беріледі: «Тарихилық әдеби шығарманың тарихи-әлеуметтік ортамен, белгілі бір халықтың мәдени тарихымен, салт-дәстүрімен, ырым-нанымдарымен, ұлттық мінез, ойлау ерекшеліктерімен, аңсар, арманымен тамырлас құбылыс. Осынау «тарихилық» ұғымы суреткер дүниетанымының шартараптылығына, асқан білімдарлығына, төмендегідей таным кезеңдерінің 1) өткенді (ретрогноз), 2) бүгінгіні (презентогноз) 3) болашақты (прогноз) жетік, жан-жақты меңгергеніне тікелей қатысты» [1; 333]. Расында да, жазушының тарихты терең білуі оның шығармашылығына айрықша салмақ қосып, мәнін арттыра түседі. Кейде тарихшы ғалымдар ашық айта алмайтын ақиқатты көркем де кестелі тілмен жазушылар қауымының жеткізгені де жасырын емес. Мұндай құбылыс, әсіресе, тоталитарлық елдерде жиі кездеседі. Мысалы, Қазақ Елінің тарихына көз салсақ, кейбір ұлттық тарихымыздың беттерін ашық айтуға, ашып айтуға қатаң тыйым салынған кезеңдер болған. Кеңестік солақай саясаттың дәурені жүріп тұрған осындай қысылтаяң кездерде қазақтың терең де қатпарлы тарихының шындығын қаламгерлеріміз – жазушыларымыз өздерінің көркем туындыларында ашып беруге тырысқан. М. Мағауиннің, І. Есенберлиннің, Ә. Кекілбаевтың, А. Сүлейменовтің тарихи жанрдағы роман-повестері осы пікіріміздің дәлелі бола алады. Осы тұста тарихи шындық пен көркем шындық деген ұғымдардың аражігін ажыратып алу міндеті шығады. Өйткені жазушылар тарихта болып өткен оқиғаларды дәлме-дәл қайталап бермеуі мүмкін. «Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. Алайда әдеби шығармадағы тарихи шындық – көркемдік бейнелеу тәсілімен берілетін өмір шындығы, яғни көркемдік шындық. Тарихи шығармада өмірде болған уақиғалармен қатар ойдан шығарылған жайлар да аз болмайды, тарихи тұлғалармен бірге көркем қиялдан туған кейіпкерлер араласып



жүреді. Мәселе шындап келгенде оқиғаның, кейіпкердің өмірде болған не болмағанында емес. Шығарманың барлық мазмұны, оқиғалары, кейіпкерлері көркем ой көрігінен өтіп, жиынтықталып, өзгеше бейнелілік сипат алып шығатындығында. Әрине, тарихи шығармада айтылатын уақиғаның өзегі негізінен өмірде болған уақиғалардың аясында алынбақ. Сондықтан жазушы маңызды тарихи жайларды, көптеген нақтылы тарихи деректерді анық білу қажет. Ол қанша көркем суреттеулерге барса да, тарихи шындықты аттап өтіп, бұрмалауға хақысы жоқ. Өткен дәуір қалай суреттелмесін, бәрібір сол кездің өз болмысын білдіруі керек. Шындыққа сай нанымды шығуы тиіс. Бұл үшін тарихи дереккөздеріне сүйену шарт. Сонда ғана бұрынғы қоғам өмірі, халық тұрмысы өз қалпында сенімді бейнеленбек.

Қоғамның даму процесі, саяси таптар мен топтар, кейіпкерлердің мінезі, іс-әрекеті өз уақытының қалпына орай алыну керек. Осының бәрі суреткерлікпен жанды түрде көркем бейнеленіп берілсе, тарихи шындықтың әсері, оқырманға берер танымдық мәні арта түседі» [1; 334].

Жалпы, әдеби мәтіннің өзіне ғана тән құпия-қалтарыстары болады. Әдетте, оның сыры тарихқа жүгінгенде ғана оңай ашылып, айқынырақ бола түседі. Тарихтың осындай түйіндерді тарқатуға әлеуеті жетеді. Кейде ол шығарманың өн бойындағы мотивтерді ұйыстырып тұруға да қатысады. Мысалы, сіз Лир патшаның тұсауы алғаш Джеймс патшаның сарайында кесілгенін білетін боларсыз. Пьесада сөз болған жайттар патша мен парламент арасындағы кикілжіңді меңзейді. Шекспирдің мұнымен нені көздегені көзге ұрып тұр. Бұны қоян-қолтық айқастан гөрі жалпыадамзаттық құндылықтар қабысқан трагедия десек те болады. Шығарма желісі тарих әлемінен тамыр тартып жатыр.

Әдебиетті тарихи тұрғыдан зерделеу, тарихи тұрғыдан саралау ісі әр кезде әрқалай болды деуге болады. Ол бір кезеңдерде ерекше көркейіп, барынша кең таралса, кей тұста солғын тартып, елеусіз қалды. Америка әдебиеттануының өткеніне көз жүгіртсек, әсіресе, Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі мерзімде кең таралғанына куә боламыз. Кейбір шекспиртанушылар оның шығармаларын тарихи оқиғалардың сырын ашып беруші басты құрал деп есептеді. «Отеллода» тілге тиек етілетін «Жолбарыс» деген кемеңіз Елизавета I патшайым сарайындағы топтардың арасындағы дау-дамайды меңзейтінін айтқандар да табылды. Өйткені аталған кеме бір шоғыр көсемнің меншігінде болатын. Мұндай зерттеу түрлері екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін тоқырап қалды. Оны мәтіннің ішкі мәнін ұғыну үшін мұқият зерттеу тәсілі алмастырды. Ендігі кезекте тарихтың орнын әдебиет тарихы басты. Әдеби тарих көбіне-көп әдеби мәселелер төңірегіндегі сұрақтармен шектеліп, модернизм немесе сентиментализм секілді ағымдарды зерттеуге ден қойды. Ал кей-кейде әдебиеттің нысанына тікелей қатысты болмаған басқа да тақырыптарды қаузаумен айналысып отырды. Мысалы, нарық қаламгерлердің санасына қалайша әсер етеді, деген сұраққа жауап іздеген кездер болды. Әдебиет пен мәдениеттің мәселелерін тарихпен ұштастыра отырып зерделеу мәселесі II Дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдарда Британияда қайта қанат жайды. Тарихшы Э.П. Томпсон өзінің «Ағылшын жұмысшы табының тууы» (1957) еңбегінде мәдениетті тарихи аспектілер аясында ашып беруге тырысты. Ал Раймонд Уильямс осы кезеңдегі әдебиет пен тарихтың байланысын талдаған танымал ғалымдардың бірі болды. Ол өзінің «Ел мен қала» (1956) деп аталатын кітабында «Ауыл мен қала өмірінің арасындағы тартыс әдебиетте қалай көрінді?» деген сұраққа жауап іздеді. Осы арқылы ағылшын әдебиетінің эволюциясына зер салды.

Америка ғалымдары 1960 жылдардағы әлеуметтік қозғалыстар қарсаңында әдебиетті түсінудің түпбастауы ретінде тарихқа қайта үңілді. Әртүрлі ұлт пен гендерлік топқа жататын әлемнің әр қиырынан жиылған адамдардың талабымен бір дастарқанда бас қосқанда, әдебиеттегі әртүрлі тақырыптардан «әмбебап» ортақ әңгіме өрбіту қиынға соғатыны белгілі. Өйткені бұл тақырыптардың көпшілігі ақ нәсілділерге тән еркекшоралық, гетеросексуалдық сарындарға тұнып тұратын. Әңгіме жүргізбеске тағы келмейді.

«Жаңа тарихшы» ғалымдар тарихи зерттеудің түріне қайта оралып келген жоқ. Олар, әсіресе, француз постструктуралистік теориясын, сонымен қатар, мәдениеттің антропологиялық теориясын көбірек зерделегенді жөн көрді. Мұндай ғалымдардың санатында, мысалы, Стивен Гринблатт әдебиетті сол кезде үстем болған ұжымдық нанымдармен, әлеуметтік тәжірибелермен және мәдени дискурстармен ортақ желіде түсіну керек деп есептеді. Гринблатт тарихи мәтіндерден байқаған риторикалық амалдардың сарынын әдеби шығармалардан да



көреді. Мәселен, тарихта болған мына жайтқа көңіл аударыңыз. Ағылшындар тайпаларға оба ауруын таратып, қынадай қырып жіберді. Ал жергілікті жұртқа: «Бізде Құдайдың көрінбейтін оқтары бар», – деп айтып, алдады. Отаршылар «бұл оқтар Құдайдың біздің жағымызда екенінің куәсі» деп, олардың діни нанымдарын талқандауға тырысты. Егер дін аңғал халықты алдаудың құралы ғана болып, оларды жаппай мойынсұнуға мәжбүрлесе, онда ақиқатта қандай ақысы бар? Шын мәнінде, еуропалықтар тайпаларды дінге тарту арқылы діндерінің түпкі мақсатын жүзеге асырды. Тап осындай тәсілді әдебиетте Шекспир де пайдаланды. «Генри» пьесасында өзінің айтқысы келгенін, түпкі мақсат-мұратын Фальстафтың аузына салып жеткізді. Ол жалынды сөзімен монархия заңының күл-талқанын шығарады. Бірақ мұндай бетбұрысты сәттер ақыр аяғында алдыңғы бағытынан айнып кетіп жатты. Оны монархия билігін күшейту ниетімен теріс пайдаланатындар көбейді. Түзу ойдан туған қиыс пиғыл осылай биліктің мүддесіне жұмыс істеп кетеді.

Әдебиетті тарихи тұрғыдан түсіндіру мәселесі сөз өнеріне енді ғана қадам басқан жас талапкерлерге біршама қиындық туғызуы мүмкін. Жалпы, кейде әдеби шығармамен шектеліп қалмай, тарихи құжаттар мен деректерге жүгінгенде ғана мәтіннің бұған дейінгі белгісіз қырлары ашылуы мүмкін. Әрине, тарихи тұрғыдан зерттелген әдеби-ғылыми кітаптарды таза тарихи еңбектермен салыстыруға келмейді. Өйткені тарихи тұрғыдан алып қарағанда тарихшы мамандардың еңбектері әлдеқайда салмақты әрі сенімді болуы кәдік.

Әдебиет туралы тарихи ғылымдардың бәрі бірдей әдеби шығарманың саяси немесе әлеуметтік мәнін қауза бермейді. Әдетте, тарих ғылымы әдебиеттің өзін және оның уақыт ағысымен қалай көркейіп отыратынын зерделейді. Сондықтан да әдебиеттану ғылымымен айналысуға бел буған адам алдымен оның қай кезеңін, қай жанрын және қай ағымын зерттейтінін нақтылап алуы керек әрі солардың біреуін ғана таңдап алғаны жөн. Бәлкім, романтизм қызықтыратын болар. Осы орайда аталмыш әдіс туралы бірер сөз келтіре кетейік. Германиядан бастау алған романтизм ағымының ықпалы Еуропада он сегізінші ғасырдың орта тұсынан он тоғызыншы ғасырдың жартысына дейін кең таралды. Ол тек әдебиетке ғана әсер етіп қойған жоқ. Сондай-ақ, мәдени, саяси қозғалыс ретінде де белгілі болды. Көп өтпей-ақ Франция, Англия, Солтүстік Америка елдеріне жетіп, тамыр тартып үлгерген романтизмнің бой көтеруіне жалпы мынадай төрт фактор әсер етті деуге болады. Олар: индустриализм мен урбанизация, рационализм мен ғылым, неоклассицизм, аристократия және монархия билігі.

Романтиктер қалалық-өнеркәсіптік тірліктен далалық тұрмысты абзал санады. Содан да болар, табиғатпен етене болуға тырысып, асқар таулар мен айдын көлдерді шығармаларына арқау етті. Ағылшындар Үндістанды жаулап алғаннан кейін классикалық үнді діни мәтіндері де Батыс әлеміне жетті. Олардың «Құдай табиғатта жасайды» деген тұжырымы романтизм өкілдерінің сенімін одан әрі нығайтып, оның қарыштап дамуына жол ашты. Сезімге бой ұрған романтиктер ақылды кейінгі орынға ысырды. Табиғат, сезім, теңдік, әділетсіз адам институттарына қарсылық, кездейсоқтық, даналық сынды тақырыптар мен ұғымдар романтикалық көңіл күйді білдіретін басты категориялар болып табылады.

Біз әдебиеттің тарихына, оның ішінде бір ғана романтизмнің тарихына шамалы ғана көз жіберіп, азды-көпті сөз еттік. Әдебиеттің нысанасына ілігетін кез келген тақырыпты тарихи тұрғыдан осылай ашып беруімізге болады. Оның бәрі тек сипаттаумен шектелмеуі тиіс, түпкі астарына үңіліп, терең ғылыми талдау жасауды қажет етеді.

Әдебиеттану ғылымында осындай мақсаттан туындаған әртүрлі ізденістердің жасалғаны белгілі. Олардың бір парасы жоғарыда айтылды. Әдебиетті тарихи тұрғыдан саралау мәселесі өз кезегінде ғылымда салыстырмалы-тарихи әдіс деген ғылыми әдістің тууына түрткі болды. Ол көбінесе әртүрлі елдердің әдебиетіндегі ұқсастықтар мен ортақ мотивтерді зерттеуге бағытталды. Әдебиет тарихына көз жіберіп, типологиялық мәселелерді байыптауда аталмыш әдістің қосқан үлесі аз емес. Әдеби байланыстар мен олардың тарихи-мәдени қатынасы салыстырмалы-тарихи әдістің аясында жан-жақты ашылды. Өз кезегінде, ол бір ел әдебиетінің басқа халық әдебиетіне тигізген әсер-ықпалын, олардың ұқсастықтары мен өзіне ғана тән ерекшеліктерін саралауда көп жеңілдік жасады деуге негіз бар. Осы арқылы тек қана жекелеген ұлттардың әдебиетін ғана емес, олардың салт-санасын, мәдениеті мен құндылықтар жүйесін, өзіне тән даралығы мен мінез-болмысын тануға да жол ашылады. Сонымен бірге, тарихи әдіс аясында тек тұтас халықтар әдебиеті емес, оның ішінде жекелеген қаламгерлердің



шығармашылығы, көрнекті ақын-жазушылардың басқа ел қаламгерінің шығармашылығына тигізген әсері, жанрлардың табиғаты деген секілді жайттар да қамтылды.

Әдебиетті тарихи тұрғыдан қарастыру, оның ішкі мәніне тарихи тенденциялар мен әртүрлі оқиғалардың байланысы аясында үңілу жайы бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жоқ. Қайта ғылымдар интеграциясы қарқынды жүзеге асып жатқан бүгінгі күнімізде одан әрмен дамымаса, саябырсып қалған жоқ.

Бұл дәрісімізде біз тарихи сынның, әдебиетті тарихи тұрғыдан зерделеудің негізгі бағыттары мен ұғымдары жөнінде әңгіме өрбіттік. Оның бәрі сіздің сөз өнерінің табиғатын тереңірек танып білуіңізге сеп болары сөзсіз. Алдағы дәрісімізде әдебиеттегі феминистік бағыт туралы баяндайтын боламыз.

Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Тарихи сын дегенді қалай түсінесіз?
2. Көркем шындық пен тарихи шындықтың аражігін ашып беріңіз.
3. Өзіңізге ұнайтын бір тарихи туындыны тарихпен сабақтастыра отырып талдаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттануға кіріспе: Жоғары оқу орындарының филол. фак. студ. арналған оқу құралы / Құраст. Серік Мақпыров. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 184 б.
2. Жанұзақова Қ.Т. Қазақ прозасындағы романтизмнің көркемдік әлемі. Монография. – Алматы: ИП «Есенбекова», 2010. – 448 бет.
3. Есембеков, Темірғали Уразғалиұлы. Көркем мәтінді талдау негіздері: Оқу құралы / Есембеков, Темірғали Уразғалиұлы; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2009. – 122 б.